



Теміржанова Анель 11

“А” класс

*<Тәуелсіздік – баға
жетпес байлығым>*



Тәуелсіздік- қасиетті ұғым,
сәулелі құбылыс. Сандаған ғасырлар
мен замандар бойы бабаларымыздың
асыл арманы болған. 1995 жылы 13
шілде күні ҚР президенті Алматы
қаласында Тәуелсіздік монументін
орнату туралы қаулы қабылдады.
Осы монументтің авторлар тобының
жетекшісі Шот-Аман Ыдырысұлы
Уәлихан. Тәуелсіздік монументі
Алматы қаласындағы Республика
алаңында орналасқан.



Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар,кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының қалыптасуын; ұлттық мемлекеттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап,жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген, кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін;халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, жатқызуға болады.





Бүгінгі Қазақстанның барлық жетістіктері ел ынтымағының, түрлі этностардың ауызбіршілікте болуының нәтижесі екені анық. Ел бірлігін нығайту мемлекеттің саяси басымдықтарының бірі болғандықтан, бұл бағытта қолға алынған шаралар өзінің ауқымдылығымен ерекшеленуде. Осы орайда Елбасы бастамасымен, жұртшылықтың қолдауымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының орны бөлек. Еліміздегі барлық этностардың басын біріктіріп отырған бұл институттың қызметіне бүгінде әлемнің көптеген мемлекеттері қызығушылық білдіруде.





Қорыта айтқанда, тәуелсіздікке тәу еткен халқымыз өз Отаны – Қазақстанның өркендеу кезеңіне куә болуда. Ендеше 2050 жылға дейін әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылуды мақсат еткен Отанымыздың қарышты қадамына сәттілік тілегеннен өзге ниеті жоқ халқымыздың аспаны ашық, тірлігі баянды, мерейі үстем болсың!







***Назарларыңызға
рахмет!***